



«ШАҒА» – ТҮРКІСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМА»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯДАҒЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ РӨЛІ АЙРЫҚША



Цифрлық трансформация бүгінде тек технологиялық күн тәртібі емес, тұрақты дамудың, тиімді мемлекеттік басқарудың және елдің бәсекеге қабілеттілігінің негізі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Ең бастысы, цифрландыру – адамдар, олардың құқықтары, қауіпсіздігі және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері».

(Жалғасы 5-бетте)



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған биылғы жолдауында: «Су мәселесін шешу – әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, экономиканы дамытудың кепілі. Бұл – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басты фактордың бірі» деп атап өткені белгілі. Ағын судың басым бөлігін көршілес Өзбекстаннан алатын Түркістан облысында бұл мәселе қалай шешіледі? 2 миллионнан астам халық тұратын өңірде халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде қандай жобалар бар? Атқарушы билік 2025 жылы елді мекендерді орталықтандырылған ауыз сумен толық қамтамасыз ету тапсырмасын қаншалықты орындай алады? Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров әңгіме барысында ағын су мен ауыз су мәселесіне кеңірек тоқталды.

Әңгіме барысында облыс басшысы соңғы кездері әлеуметтік желіде, ақпарат құралдарында көп айтылып жүрген Түркістан қаласының іргесіндегі «Шаға» жасанды көліне қатысты мәселеге түсініктеме берді. Қазынаның қыруар қаржысы жұмсалған, туристердің сүйікті орнына айналады деген «Шаға» бүгінде неге қаңырап тұр?

(Жалғасы 3-бетте)

ТҰЛҒА

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰҚЫҚТАНУ МЕКТЕБІНІҢ ПАТРИАРХЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҰРАН ЕМЕС, НАҚТЫ НОРМАЛАР МЕН РӘСІМДЕР ЖҮЙЕСІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Республика күніне арналған «Егеменді Қазақстанның конституциялық-құқықтық дамуы: теориясы, тәжірибесі және даму болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Іс-шара жыл сайын дәстүрге айналған «Сартаев оқулары» аясында ұйымдастырылды. 15 қазанда қазақстандық құқықтану мектебінің патриархы 98 жасқа толар еді.

Конференцияны ҚазҰУ-дың мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы өткізді. Дәл осы кафедрада Сұлтан Сартаев ұзақ жыл дәріс оқып, ғылыми мектеп қалыптастырып, құқықты саяси конъюнктурадан жоғары қоя білетін тұтас буын заңгерлерді тәрбиеледі.

Академик С. Сартаев 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-дің Мемлекеттік егемендігі ту-

ралы Декларацияның негізін әзірлеушілердің бірі. Бұл құжат республика заңдарының басымдығын бекітіп, болашақ мемлекеттік құрылымның қаңқасын айқындады және Қазақстанның шынайы тәуелсіздігіне жол ашты. Көпшіліктің санасында Декларация көбіне бір дәуірдің символы ретінде қабылданады, ал С.Сартаев үшін ол ең алдымен юридикалық мәтін болатын. Ол әрдайым «егемендік – ұран емес, нақты нормалар мен рәсімдердің жү-



йесі» деп айтып, әр ұғымның дәл анықталуын және институционалдық кепілмен бекітілуін талап етті. Осындай салмақты, кәсіби, артық эмоция мен саяси астардан ада ұстаным оның еңбегіне тән еді және ол бүгін де өзекті.

Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы ұлттық құқықтық жүйеде айрықша орын алады. Артық айтқандық емес, дәл осы құжат Қазақстанның конституциялық құрылымының негізін қалаған. Оның баптарында республиканың аумағында өз заңдарының үстемдігі, табиғи ресурстар мен экономикалық саясатқа айрықша құқығы, дербес бюджет-қаржы жүйесі және билік органдарының халық алдындағы жауаптылығы бекітілді. Құжат адам құқығы мен бостандығының құндылығын айқындап, билік тармақтарының бөлінуін және басқарудың есептілігін талап етті; аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымастығы қағидатын, сондай-ақ республиканың тікелей халықаралық байланыс орнату құқығын нақтылап берді.

Декларацияның стилі де айрықша маңызды: оның нормаларында абстрактылы саяси ұрандар емес, конституциялық құрылыстың негіздерін құраған іргелі ұғымдар мен қағидаттар нақты бекітілді.

(Жалғасы 2-бетте)

4-бет

Ырысты ЖӘЛІАХАНОВА,
ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Ақпараттық қауіпсіздік комитеті Дербес деректерді қорғау басқармасының басшысы:


«Дербес деректер 100 пайыз қорғалған деп айта алмаймыз»



6-бет



8-бет



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰҚЫҚТАНУ МЕКТЕБІНІҢ ПАТРИАРХЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҰРАН ЕМЕС, НАҚТЫ НОРМАЛАР МЕН РӘСІМДЕР ЖҮЙЕСІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекеттік егемендік туралы декларацияда мұқият сараланған мәтіннің арқасында жаңа құқықтық шындыққа тарихи өту қадамы жасалды. Бұл – саяси мақсаттарды нақты құқықтық тетіктерге айналдыра білген заңгерлер шеберлігінің нәтижесі.

Академик Сұлтан Сартаев Декларацияның, мемлекеттік тәуелсіздік туралы, Президент институтын енгізу мен азаматтық туралы заңдардың авторларының бірі ретінде мәңгілікке Қазақстан конституционализмі шежіресіне өз атын қосты. Терминологияға, нормалар логикасына, институционалдық кепілдіктерге, халықаралық стандарттар мен тәжірибеге қатаң талап қоюы қабылданған құқықтық актілердің құқық жүйесінде «ұзақ өмір сүруін» қамтамасыз етті.

Жалпы, С.Сартаевтың мұрасы жарияланған монографиялар мен



баяндамалардың тізімімен шектелмейді. Бұл ең алдымен кәсіби ойлау мектебі – саяси тұжырымдардың аржағындағы құқықтық мазмұн-

ды көру, декларативті пафос пен шынайы жұмыс істейтін норманы айыра білу, конституциялық-құқықтық реттеу пәнін саяси таңдаудан ажырата алу қабілеті. Егер біз құқықтар мен бостандықтар туралы айтсақ, онда сол құқықтарды қамтамасыз ететін нақты механизмдерге де тоқталуымыз керек. Егер егемендік туралы десек, ол қай институттар арқылы іске асатынын көрсетуіміз қажет. Егер реформа туралы сөз етсек, жаңа жүйенің құзыреті, өкілеті және бақылау тетігі қалай құрылатынын түсіндіруге тиіспіз. Мұндай ұстаным бүгінде айрықша сұранысқа ие.

**Қ.УСЕИНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
мемлекет және құқық
теориясы мен тарихы,
конституциялық және
әкімшілік құқық
кафедрасының
меңгерушісі**

ЕГЕМЕНДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ЕСТІ ҚАДАМ

2025 жыл – Қазақстан үшін тарихи жады мен мемлекеттік маңызға толы кезең. Тамыз айының соңында Ата Заңымыздың қабылданғанына 30 жыл толғаны кеңінен аталып өтілді, ал қазан айында еліміз тәуелсіздікке апарар жолдың бастауы болған – Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясының қабылданғанына 35 жыл толады. Дәл осы Декларация ұлттық заңнаманың басымдығын алғаш рет жариялаған тарихи құжат ретінде Қазақстанның құқықтық дербестігінің бастау нүктесіне айналды. Бүгінде ол тек саяси мәлімдеме ғана емес, егемен мемлекеттіліктің құқықтық негізі, отандық конституционализмнің жаңа сатыға аяқ басуының символы ретінде қабылданады.

Декларация социалистік құрылымнан құқықтық мемлекетке көшу жолындағы саяси бағдарламаға айналды. Кеңес Одағы күйрегенде бұл құжат Қазақстанның тәуелсіздігін заң жүзінде рәсімдеуге мүмкіндік берді және оның халықаралық-құқықтық легитимділігін қамтамасыз етті. Декларация Қазақстанның конституциялық дамуының негізін қалаған алғашқы акт болды, оның саяси және құқықтық ұстанымдары 1993 және 1995 жылдары қабылданған Конституцияларда өз жалғасын тапты. Билікті бөлу жүйесінің қалыптасуы, заң үстемдігі тұжырымдамасы, жеке тұлғаның құқықтық қорғалу кепілдігі – алғаш рет Декларацияда тұжырымдалды.

Бұл тарихи құжаттың дайындалу және қабылдану үдерісінде академик, көрнекті заңгер Сұлтан Сартаевтың есімі ерекше құрметпен аталуға тиіс. Ол Жоғарғы Кеңестің депутаты қызметінде Декларация мәтінін әзірлеуге белсенді қатысып, әр тармағын терең ой елегінен өткізіп, ішкі жан дүниесімен қабылдаған тұлға болды. С.Сартаевтың көрегендігі – егемендікті тек саяси

таңдау ретінде емес, ең алдымен құқықтық жауапкершілік ретінде ұғынғанында. Ол мемлекеттілікті жариялаумен қатар, соған сай құқықтық жүйе де түзілуі керек екенін ескертті. Сондықтан да оның кейіннен тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясын дайындаудағы жетекші рөлі, қазақстандық парламентаризм мектебінің негізін қалаудағы үлесі кездейсоқ емес. Оның мұрасы – бүгінгі құқықтық мемлекетіміздің іргетасына айналған алтын қор.

Бүгін С.Сартаевты еске ала отырып, біз тек бір дәуірдің өкілі туралы ғана емес, сол дәуірді қалыптастырған біртуар тұлға жөнінде айтып отырмыз. Оның құқықтық мемлекеттілікті қалыптастыруға қосқан үлесін жекелеген құжаттармен шектеу мүмкін емес. Сартаев есімі – қазақстандық құқық философиясының негізінде тұр, ол мемлекеттік биліктің халық пен заң алдындағы жауапкершілік ретінде ұғынған тұтас буын заңгерлердің тәлімгері болды.

Сұлтан Сартайұлы жылдар бойы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қабырғасында жұ-



мыс істеп, болашақ заңгерлерді тәрбиеледі, құқық ғылымының негізін сіңірді. Осы рухани дәстүр бүгінде жалғасын тауып отыр. Қазан айында жыл сайын «Сартаев оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын өткізу дәстүрге айналды. Бұл конференция қазақстандық конституциялық құқық, парламенттік мәдениет, құқықтық мемлекет пен адам құқықтары мәселелеріне арналған ғылыми пікірталас алаңы. Сонымен қатар, бұл – ұлы ұстаздың рухына тағзым, оның құқықтық мұрасын жаңғырту мен келешекке жеткізу жолындағы нақты қадам. С.Сартаевтың көзқарасы, саяси-құқықтық ерік-жігері, заң алдындағы адалдығы бүгінгі ұрпаққа өнеге.

**Ж.КЕГЕМБАЕВА,
Мемлекет және құқық
теориясы мен тарихы,
конституциялық және
әкімшілік құқық
кафедрасының профессоры**

ЗАҢ КОРИФЕЙІ

Академик С.Сартаев Қазақстандағы заң білімі мен ғылымының дамуына, Қазақ Ұлттық университетінің ілгерілеуіне зор үлес қосты. Ол көптеген жоғары білікті заңгерлерді дайындады. 50 жылдан астам уақыт бойы ҚазҰУ жанындағы докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғау кеңесін басқарды.



«Заңдар әділ болуы керек, ал заңдардың әділдігін ел тұрғындарының көпшілігі априори шындық

ретінде қабылдайды». Өзінің ойы бойынша әділ заңдар адамдарды әрекетке шақырады, заңға қайшы әрекеттерден сақтандырады. Қоғамда қабылданған заңдар ортақ игілікке, мүддеге жетуге бағытталуы керек. Әділ заң жалпы және жеке игілікке қол жеткізуге ықпал етеді.

Салық Зимановтың негізінен мемлекет пен Қазақстан құқығының тарихымен, саяси және құқықтық ілімдер тарихымен айналысқанын жақсы білеміз. Онымен қоса бірге ол тарихи материализм туралы марксистік-лениндік ілімді басшылыққа алды. Сол кезде біз бәріміз осы дүниетанымды бағдар еттік. Өмірінің соңғы жылдарында ол марксизм-ленинизм тарихқа, тарихи процестердің эволюциясына дұрыс көзқарас беретініне толық сенімді емес еді. Өз шығармала-

рының он томдық жинағы шыққан 2009 жылы: «Марксизм-ленинизмді алып тастаңыз, басқасын оқи аласыз», – деді. Академиктің ұлттық-мемлекеттік құрылыс теориясы бойынша көптеген еңбектері бар және құқық теориясы мен мемлекет мәселелеріне арналған көпшілік сөздері өте көп болған.

С.Сартаев МГУ Ғылыми кеңесіндегі жұмысы бойынша жоғары бағаға ие болды және 1970 жылы заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады» дейді халық даналығы. Осы ой бойынша С.Сартаев бар өмірін ғылыми даму мен өсуге арнады. Мықты ғалымдар, заңгерлер шоғырын қалыптастырғаны үшін заң корифейін қоғам ешқашан ұмытпайды.

**Мерей БЕЙСЕТБАЙ,
әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университетінің
4-курс студенті**

Сұлтан Сартайұлы 1927 жылы 15 қазанда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында дүниеге келген. Заң ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі.

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ

Әр дәуірдің, әр ұрпақтың жадына сирек кездесетін болмыс-бітімімен, қайталанбас мінезімен жазылатын адамдар болады. Ғылым, білім, заң саласында өзінің дарынымен ерекше көзге түсіп, бойындағы ізгі қасиеттерін ұлттың іргелі істеріне жұмсаған Сұлтан Сартаевтай зерделі ғалымды әріптестері құрметтеп, қадірлеген. С.Сартаев – сегіз қырлы, бір сырлы тұлға. Тұла бойынан тазалық пен адалдықтың лебі есетін, парасат биігіне көтерілген, болмыс-бітімі бөлек Сұлтан ағамыз бірегей тұлға еді.

Сұлтан Сартайұлының 500-ден астам ғылыми еңбегі жарық көрді, оның ішінде «Қазақ кеңестік мемлекетінің қалыптасуы», «Кеңестік Қазақстанның мемлекет және құқық тарихы», «Одақтас республикалардың ұлттық мемлекеттілігі», «Қазақ КСР мемлекеттік билігінің жоғарғы өкілдік органы», «Қазақ КСР-нің мемлекет және құқық тарихы», «Еңбек ұжымдарының құқықтық мәртебесі», «Қазақстанның мемлекет және құқық тарихы бойынша материалдар», «Ш.Уәлихановтың мемлекеттік-құқықтық көзқарастары», «Ар мен дар алдындағы сөз», «Қазақстан Республикасы Конституциясының қалыптасуы», т.б ғылыми еңбектерін атап өтуге болады.

Сұлтан Сартайұлының ғылыми-оқытушылық қызметін ерекше атап өтуге болады. Ол кісінің ғылыми жетекшілігінің көмегімен көптеген заң ғылымдарының докторы мен кандидаттары бүгінде мемлекеттік органдарда және жоғары оқу орындарында абыроймен қызмет атқаруда. Сондай-ақ көрші Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерінің



білім ордаларында диссертациялық кеңестердің белді мүшесі болып, сол мемлекеттердің ғылым саласына заңгерлер мектебінің негізін нығайтуға үлес қосып, мықты шәкірттер шоғырын қалыптастырды. Өзі көп жылдар бойы еңбек еткен заң факультетінің оқытушы-профессорлық құрамы, ұлы ұстаздың тәлім-тәрбиесін жалғастыруды азаматтық парыз деп санайды.

Сұлтан Сартайұлы өзінің бар ғұмырын қазақ елінің ғылымына, заңдық негіздің нығаюына, құқықтық мемлекетті қалыптастыруға, ел мен жер мүддесін қорғауға арнады. Ғалымның еңбегі мен өмір жолы көпке өнеге. Ол кісі шын мәнінде кісілік пен даналықтың үлгісінде, әділдіктің таразысындай абыз ақсақалымыз болатын. Адамгершілік қасиеттері мол, абзал азаматтың елге сіңірген еңбегі мен жарқын дидары халқымыздың әрдайым жүрегінде сақталады.

**Н.МЫНБАТЫРОВА,
Мемлекет және құқық
теориясы мен тарихы,
конституциялық және
әкімшілік құқық
кафедрасының
қауымдастырылған
профессоры**

АДАМНЫҢ ІСІНЕ ҚАРАП ӨЗІН ТАНЫ

Адамның өмірі кітап секілді көлемімен емес, мазмұнымен өлшенеді демекші, Сұлтан Сартайұлы өмірін Қазақстанның жарқын болашағына арнап, заман қиындықтарына қарамай еліміздің қарқынды дамуы үшін тер төккен азамат.

Ғалым еңбек жолының біраз жылын еліміздің жарқын болашағының негізі – білімді де білікті жастарды тәрбиелеп, қалыптастыруға, сол арқылы еліміздің өркендеп дамуына қызмет етуге арнады. 1952 жылдан бастап өмірінің соңына дейін оқытушылық қызмет атқарды. Сонымен қоса, мемлекет пен қоғамның істеріне белсене қатысып, жауапты қызметтер атқарды.

Сұлтан Сартаев Қазақстан Республикасының шынайы егемендігінің, тәуелсіздігінің негізі қаланған, алғашқы баспалдағы болған тоқсаныншы жылдың басында баға жетпес еңбектер атқарды. Осы жылдары мемлекетіміздің шынайы егемендігін орнықтырып, тәуелсіз мемлекет ретінде қарқынды дамуы үшін сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Соның ішінде Декларацияның дайындалуы мен бекітілуіне ерекше үлес қосты, шынайы ұлтжанды азамат ретінде ол бұл тарихи актінің әрбір сөзіне үлкен мән беріп, оның ережелерін толғана отырып жазды. Әлі де болса қылышынан қан тамып тұрған кеңестік империяның ықпалынан толықтай ажырап кете алмаған тұста қазақ елі үшін мұндай тағдырқешті тарихи актіні қалыптастыру, жазып шығу нағыз ұлтжанды, елі үшін өзін құрбан етуге даяр жандардың ғана еңбегі деп айтсақ артық кеткеніміз болмас. Ғалым сондай-ақ «Азаматтық туралы», «Тілдер туралы» заңдардың авторы атанды.

Сұлтан Сартайұлы Ата Заңның жобасын құрып, оны қабылдаудың бастауында тұрған біртуар азаматтың бірі. С.Сартаев еліміздің 20-дан астам маңызды заңдарына талдау жасап, Қазақстанның президенттік басқарудың теориялық негіздерін қалады.

Ғалым өз өмірін халқына және ғылымға шексіз қызмет етуге арнады, осылайша өз замандастары үшін ғана емес, қазақстандық ғалымдардың жас ұрпағы үшін де үлгі бола білді. С.Сартаевтың негізгі зерттеу бағыты Қазақстандағы мемлекет-



тік құрылыс және халық өкілдігінің органдарын қалыптастыру мәселесі болды. Ол өз еңбектерінде патша өкіметінің қазақ қоғамының тұтастығына, ішкі бірлігіне іріткі салған, қазақтарды жерлерінен айыруға арналған түрлі құқықтық құжаттар мен актілерді талдап, шынайы бағасын берді. Өзінің терең ой-санасы мен даналығының, табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында Сұлтан Сартаев Қазақстанның заң ғылымын дамытуға, өкілді билік органдарының ұйымдастырылуы мен қызметіне қатысты және адам мен азаматтың құқықтары аясындағы құқықтық мәселелерді шешіп әзірлеуге, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, жоғары білікті заңгерлерді дайындауға үлес қосты.

«Адамның ісіне қарап өзін таны» демекші, дана ғалым, ойшыл ұстаз Сұлтан Сартайұлы табанды еңбегімен өзін мойындатқан, еліне сыйлы бола білген жан. Оның өмірі бекер өткен жоқ. Ол артына жарқын із, өшпес мұра қалдырды. Жақсының өзі өлсе де, аты өлмейді демекші Сұлтан Сартаевтың аты да, артында том-том болып қалған еңбектері де мәңгілікке тура жолды сілтейтін ғұмыр месінің, отансүйгіштік пен даналықтың үлгісі боп қалатыны хақ.

**А.ЖАРБОЛОВА,
Мемлекет және құқық
теориясы мен тарихы,
конституциялық және
әкімшілік құқық
кафедрасының
аға оқытушысы**

(Соңы. Басы 1-бетте)

– «Шаға» жобасының мәні мен мақсаты кейде әлеуметтік желілерде немесе жекелеген жарияланымдарда үстірт түсіндіріліп жатады. Алайда «Шаға» – бұл жай ғана маусымдық жағажай емес, ол – Түркістанның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық жоба. Бұл жоба – инженерлік, экологиялық және туристік қызметтерді қатар атқаратын көпфункционалды туристік-рекреациялық орталық», – деп атап өтті облыс басшысы.

«Шаға» – жалпы ауданы 81 гектарды құрайтын жасанды су айдыны. Оның басты мақсаты – Түркістан қаласын, әсіресе «Жаңа қала» мен әкімшілік-іскерлік орталықты су тасқынынан қорғау. Су қоймасының сыйымдылығы – 2,3 миллион текше метр, ал каналдардың жалпы ұзындығы 6,1 шақырым. Қазірдің өзінде бұл нысан өз тиімділігін іс жүзінде дәлелдеді. 2023 жылдың ақпан айында Сауран ауданында болған қатысу тасқыны кезінде «Шаға» көлі 2,5 миллион текше метр суды жинап, елеулі залалды болдырмады. Айдында жиналған су кейіннен «Арыс–Түркістан» магистральды каналына және «Шаға» су бұру каналына бағытталады. Жаз айларында көл «Кеңсай-Қосқорған – 2» су реттегішінен сумен толтырылады. Бұл су ескек есу арнасын толтыруға, саябақты суаруға, көгалдандыру мен ауыл шаруашылығы алқабын суаруға, сондай-ақ қаланың басқа да қажеттіліктеріне пайдаланылады.

– Жоба бастапқыда қарапайым демалыс аймағы ретінде емес, заманауи су шаруашылығы және рекреациялық кешен ретінде жоспарланған. Сол себепті туристік инфрақұрылым элементтері жеке инвестициялар есебінен кезең-кезеңімен дамытылып келеді. Сондықтан «Шаға – 9 миллиардқа салынған жағажай» деген пікір шындыққа жанаспайтын, бұрмаланған және негізсіз тұжырым екенін атап өткім келеді. Нақты айтсақ, «Шаға» көлі құрылысына, оның ішінде бөгет салу, каналдар құрылысы, көлдің түбін тереңдету секілді жұмыстарға 5,7 млрд теңге жұмсалған. Нәтижесінде, Шаға көлі Түркістан қаласы мен Сауран ауданында тасқын су кезінде болатын қауіптің алдын алуға жағдай жасап отыр, – дейді Нұралхан Көшеров.

2023 құрылыс жұмыстарының сапасы бойынша кемшіліктер анықталып, құзырлы органдарға тиісті ұсыныстар берілген. Аталған нысанда Экономикалық тергеп-тексеру департаменті тарапынан зерделеу, сараптау жүргізіліп, жасанды көл мен рекреациялық аймақтың жұмысы біраз уақыт тоқтап тұрды. Жуырда жасанды көл аймағында тиісті жұмыстар басталып, ретке келтірілді. Бүгінде су деңгейі төмендеген уақытта жағалауды тазалау, ескі құрылымдарды жою, қоқыстарды шығару және экологиялық тазалау жұмысы қарқынды жүруде. Осы жұмыстардың нәтижесінде көл жағалауы тазарып, қауіпсіз әрі қолайлы демалыс аймағын қалыптастыруға мүмкіндік туды. Қазірдің өзінде жағалау ретке келтіріліп, болашақ туристерге қолайлы инфрақұрылымның іргесі қалана бастады.

Тағы бір жаңалық, аталған аумақтағы жобаны толық жүзеге асырып, туристік аймаққа айналдыру үшін «Open Turkistan» мекемесі мен «Gold Fish City Turkistan» ЖШС арасында келісімшарт жасалды. Осыған сәйкес, инвестор жағажай аймағын дамыту, туристік қызметтерді көрсету, спорттық және ойын-сауық нысандарын салу, сондай-ақ қонақ үй және мейрамхана инфрақұрылымын салу бойынша жұмыс жүргізеді. Бұл жұмыс қазан айының ортасында басталады.

Облыс басшысы атап өткен суға қатысты ірі жобаның бірі – Өзбекстанмен шекарада жатқан Өгем өзеніне қатысты.

– «Өгем өзенінде СЭС каскады бар топтық су құбыры» жобасы еліміздің стратегиялық су нысандары тізбесіне енгізілді. Өгем трансшекаралық өзенінен секундына 3-3,5 текше метр лимит суды тұтыну бойынша Өзбекстан Республикасымен үкіметаралық келісім жасалды. Жоба екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде техникалық-экономикалық негіздемесі дайын, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Екінші кезеңде техникалық-экономикалық негіздеме әзірленіп, сараптама қарауына ұсынылды. Жобаның жалпы құны 396 млрд теңгені құрайды. Жүзеге асқанда жылына 110 млн текше метр су өткізеді және сағатына 72 МВт электр қуатын өндіреді. Су ресурстары және ирригация министрлігімен арада жобаны мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі бойынша іске асыру жөнінде келісімге қол қойылды. Ұлттық табиғи парк аумағында салынатын болғандықтан, оның қоршаған ортаға әсері жөнінде ЮНЕСКО сарапшыларымен тиісті жұмыстар жүргізіліп, жобаны жүзеге асыру келісілді. Бүгінгі таңда Экология және табиғи ресурстар министрлігі жер санатын ауыстыру бойынша Үкімет қаулысының жобасын әзірлеуде. Жеке инвестор тарапынан жобаны 2027–2028 жылдары іске асыру жоспарланып отыр. Нәтижесінде Қазығұрт, Сарыағаш, Келес, Мақтаарал және Жетісай аудандарындағы 1 млн-ға жуық халық толық сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілетін болады, – деді Нұралхан Оралбайұлы.



Нұралхан КӨШЕРОВ, Түркістан облысының әкімі:

«ШАҒА» – ТҮРКІСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМА»



«Шаға» – жалпы ауданы 81 гектарды құрайтын жасанды су айдыны. Оның басты мақсаты – Түркістан қаласын, әсіресе «Жаңа қала» мен әкімшілік-іскерлік орталықты су тасқынынан қорғау. Су қоймасының сыйымдылығы – 2,3 миллион текше метр, ал каналдардың жалпы ұзындығы 6,1 шақырым. Қазірдің өзінде бұл нысан өз тиімділігін іс жүзінде дәлелдеді. 2023 жылдың ақпан айында Сауран ауданында болған қатысу тасқыны кезінде «Шаға» көлі 2,5 миллион текше метр суды жинап, елеулі залалды болдырмады.

Әңгіме барысында облыстың жетістіктері ғана емес, өзекті, маңызды мәселелер де назардан тыс қалмады. Соның негізгілерінің бірі – ауылдың инфрақұрылымы. Қазақтың жаны – ауыл. Елімізде мектептері, мәдениет үйлері тозған ауылдар көп. Ал, Түркістан облысында ахуал қалай?

– Ауылды дамыту – Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық саясатының басты бағытының бірі. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жаңа Президенттік мерзімдегі алғашқы тапсырмасының бірі – ауылды дамыту, халықтың табысын арттыру және жұмыспен қамтуды күшейту болды. Бұл бастама ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсартуға, олардың өз кәсібін ашып, табыс табуына мүмкіндік беруді көздейді.

Н.Көшеровтың айтуынша, өңір тұрғындарымен кездесу барысында инфрақұрылым мәселесі жиі көтеріледі. Халықтың сұранысы бюджеттің мүмкіншілігіне қарай кезең-кезеңімен жоспарлы түрде шешімін тауып ке-

леді. Оның ішінде ауыз суға баса назар аударылып отыр. Облыстағы 801 ауылдың 763-і ауыз сумен қамтылған. Мемлекет басшысы 2025 жылы ауылдарды толық ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырған. Өткен жылы 30 елді мекенге жаңадан ауыз су құбыры тартылып, 13 елді мекеннің тозған су жүйесі жаңартылды. Биыл тағы су құбыры мүлдем болмаған 30 елді мекенге су кіргізіп, 11 ауылдың тозығы жеткен құбырлары қайта құрылып жөнделмек. Нәтижесінде өңірдегі барлық 801 елді мекен ауыз сумен толық қамтылады.

Дегенмен, облыста ауыз суды кестемен тұтына-тын 192 елді мекен бар. Оның көпшілігі Келес, Сарыағаш ауданына тиесілі.

ланған. Бүгінгі таңда бұл жобаның бірінші кезегінде 35,4 шақырым магистралды су құбырын тарту құрылысы жүргізілуде. Екінші кезекте әзірленіп жатқан су тазарту станциясын салу жобасының сараптама қорытындысы жыл соңына дейін алынбақ. Үшінші кезекте 14 шақырым магистралды су құбырын тарту жобасы әзірленуде. Жалпы жоба толық іске қосылғанда 2 ауданның 200 мың халық тұратын 48 елді мекенінің мәселесі шешілмек. Облыс әкімдігі аталған жобаларды тиісті министрлікпен алдағы 3 жылда жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Табиғи газ өткен жылы 53 елді мекенге тартылып, облыстағы жалпы қамтылған ауыл саны 563-ке жетіпті. Биыл жоспарланған 37 елді мекен газға қосылып, халықтың қамтылуы 88,9 пайызға жеткізілмек. Орталықтандырылған электр қуатымен облыстың барлық дерлік елді мекені қамтылған. Ал, шалғайдағы шағын ауылдар баламалы электр қуатымен қамтамасыз етілген. Дегенмен, тозығы жеткен электр желілері жоқ емес. Тозған жүйелерді жаңғырту жұмысы кезең-кезеңімен жүргізілуде. Былтыр 44 елді мекеннің

желілері жаңартылған болса, биыл 22 елді мекен жаңғыртудан өтеді.

Басқа өңірлермен салыстырғанда Түркістан облысының жолдары шалғайдағы ауылдарға дейін асфальтталған. Бүгінде жергілікті маңызы бар автомобиль жолының қанағатты жағдайдағы үлесі 93,7 пайызды құрайды. Биыл да жалпы ұзындығы 1236 шақырымды құрайтын 289 көшенің құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілмекші.

– Өздеріңізге белгілі, облыста туу көрсеткіші жоғары. Көпбалалы отбасылардың төрттен бірі өңірімізге тиесілі. Сол себептен, тұрғындар әлеуметтік көмекке көптеп жүгінеді. Дегенмен, біз әр отбасыға талдау жасап, белсенді жұмыспен қамту шарасын ұсыну арқылы 3 жылда атаулы әлеуметтік көмек алушылар санын 2 есеге азайттық. Нәтижесінде кедейшілік деңгейі 9,4 пайыздан 4,4 пайызға дейін төмендеді. Биыл олардың саны 76 мыңға азаяды деп жоспарлап отырмыз. Жыл басынан 130 мың жаңа жұмыс орны ашылып, жұмыссыздық 4,7 пайыз деңгейінде қалыптасты, – дейді әкім.

Түркістан облысында жұмыс істейтін 1438 балабақшада 155 мың бала тәрбиеленеді. 2-6 жас аралығындағы балалардың 99 пайызы балабақшаға барады. Ал, 1093 мектепте 549 мың оқушы білім алады. Облыстық бюджет есебінен 17 мектеп құрылысы жүргізілуде. Оның екеуі жыл соңына дейін пайдалануға тапсырылады. Қалғанының құрылысы келесі жылы да жалғаспақ.

Өңірде «Келешек мектептері» жобасы аясында 29 мектеп салу жоспарланып, 21-і пайдалануға берілген. 8-інің құрылысы жыл соңына дейін аяқталмақ.

– Жоғары білім беруде үлкен нәтиже ретінде Түркістан қаласында ашылған «Woosong Kazakhstan» университетін атап өткім келеді. Әкімдік тарапынан 100 грант бөлініп, иегері анықталды. Бүгінгі таңда оқу процесі басталып кетті. Алдағы уақытта университет облыс жастарының өзге қалаларға білім алу үшін қоныс аудармай, өз өңірімізде қалуына үлкен септігін тигізетін болады, – дейді Нұралхан Оралбайұлы.

Облыста 199 медициналық ұйым халыққа дәрігерлік қызмет көрсетеді. Ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау нысандарын жаңғыртуға үлкен назар аударылуда. Өткен жылы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жаңа 49 нысан салынып пайдалануға берілді. Биыл да облыстық бюджет есебінен қосымша жаңа 32 ғимарат салынуда, жыл соңына дейін тапсырылады. Бұдан бөлек, Қазығұрт, Сарыағаш және Шардара аудандық орталық ауруханалары күрделі жөндеуден өтуде. Ал, жедел медициналық жәрдем қызметінің сапасын арттыру мақсатында 60 арнайы автокөлік сатып алынды.

СҰХБАТ

Ырысты ЖӘЛІХАНОВА, ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Ақпараттық қауіпсіздік комитеті Дербес деректерді қорғау басқармасының басшысы:

«ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР 100 ПАЙЫЗ ҚОРҒАЛҒАН ДЕП АЙТА АЛМАЙМЫЗ»

– **Ырысты Шоқанқызы, дербес деректерді қорғау қызметіндегі өкілеттік елімізде уәкілетті органдар арасында қалай бөлінген?**

– Дербес деректерді қорғау бойынша уәкілетті орган ретінде министрлік 2020 жылы анықталды. Кейбір адамдар киберқауіпсіздік пен киберқылмысқа қатысты өкілеттікті шатастырып жатады. Киберқауіпсіздік Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құзыреттілігінде, ал киберқылмыспен Қылмыстық кодекстің 79-бабына сәйкес дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған, біз соған сәйкес тиісті шараларды қолға алып, оларға оның нәтижесін хабарлайтын боламыз.

– **Министрлікте дербес деректердің қауіпсіздігін күшейтуге қатысты қандай нақты шаралар жүзеге асырылуда?**

– Ұйымдастырушылық, техникалық және құқықтық бағытта түрлі шаралар жасалуда. Өзіңіз білесіз, құқықтық мәселе нақтыланбаса оның техникалық тұрғыдан жүзеге асырылуы өте қиын болады. Сондықтан біз біріншіден, қолданыстағы заңнамаларға заңнамалық өзгерістер енгізіп жатырмыз. Екіншіден, азаматтардың кибергигиена, киберқауіпсіздік бойынша сауатын көтеру үшін оны мектеп партасынан бастап түсіндіруге көңіл бөліп отырмыз. Қазір біздегі nomadguard.kz, citizensec.kz, платформаларда әрбір азаматтың киберқауіпсіздік пен дербес деректерге қатысты мәселелер бойынша білімін жетілдіру үшін, оларда жалпы жұртшылыққа ұғынықты тілмен түсіндіретін әрқилы бейнематериалдар жинақталған.

– **Дербес деректерді қорғаудағы құқықтық заңнаманы жетілдіру бағытындағы жұмысқа кеңірек тоқтала кетсеңіз.**

– Қазіргі таңда бізде екі заңнама жобасы бар. Біреуі – жасанды интеллект, екіншісі – Цифрлық кодекстің аясында. Оларда ең алдымен дербес деректердің заңнамалық тұрғыдағы ұғымын өзгерту, яғни нақтылау жоспарлануда. Өйткені бизнесте, жеке секторда оны қалай түсіну керек деген мәселе туындап жатады. Сонымен қатар цифрлық идентификатор деген ұғым бар. Заңға оны да енгізуді қарастырып жатырмыз.

Қылмыстық кодекстің 147-бабында дербес деректердің қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілік бар. Осы уақытқа дейін бізде дербес деректер заңсыз таралып кеткен кезде жауапкершілікке тартудың қылмыстық құрам мәселесі туындайтын. Сондықтан оны шешу үшін біз Қылмыстық кодекстің бұл бабына өзгерту енгізіп жатырмыз.

Одан басқа ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау бойынша талаптарды нығайтып жатырмыз.

– **Дербес деректердің қорғалуына толық кепілдік беруге бола ма?**

– Дербес деректер мен ақпараттық қауіпсіздік 100 пайыз қорғалған деп ешқашан айта алмаймыз, ол әлемдік практикадағы өзекті мәселе.

Заңнама жобалары оны мейлінше азайтады. Себебі ол біріншіден әлемдік тәжірибені зерттеу, екіншіден Қазақстанда қандай мәселелер бар соның нәтижесінде жасалған. Яғни бизнес, қоғам бізге қандай проблемаларды жеткізіп жатыр? Олардың қандай ұйымдары, түсініктері бар деген бағытта заң жобасы солармен бірлесіп жұмыс жасау барысында жасалды.

– **Дербес деректерге қатысты қауіп-қатерлердің біздің еліміздегі негізгі құрылымы қазіргі кезде қандай?**

– Негізінен фишинг шабуылдар, әлеуметтік инженерия мен жеткізу тізбегі. Азаматтар көбінесе дербес деректерін ашық жерде қалдырып кетеді. Мысалы, тегін лотереяларға барып анкета толтырған кезде бұл менің қауіпсіздігіме әсер етпейді деп ойлайды. Шындап келгенде ол дербес деректедің заңсыз тарап кетуі мүмкін шара болып табылады. Соның алдын алса дербес деректердің қолды болуына қатысты көп нәрсе шешілетін болады. Кибершабуылға құрал ретінде қарау қажет. Өйткені оның негізгі нысаны – азаматтың психологиясы мен сана-сезімі.

Жалпы, дербес деректерді бөлісу негізінен әр азаматтың келісімімен не заңда көрсетілген негізде ғана жүзеге асырылады. Сондықтан кімде-кім дербес деректерге қатысты мәліметті артық сұрап жатса олар біздің министрлікке жүгінсе болады. Ол бойынша әкімшілік жауапкершілік немесе тексеріс жұмыстары жүргізіледі.

– **Адамдар алаяқтардан сақтану үшін өздерінің жеке**



мәліметтерін қалай сақтау керек?

– Министрлік азаматтарды интернет қауіпсіздігі үшін қарапайым кеңестерді ұстануға шақырады, атап айтқанда:

1. Жеке ақпаратпен бөліспеңіз. Жеке куәлік пен банк карталарының деректерін сақтаңыз.

2. «Стоп-кредит» қызметін пайдаланыңыз. Бұл функция қаржы ұйымдары үшін несие есебіне кіруді шектеуге мүмкіндік береді, оларға несие алғыңыз келмейтіні туралы хабарлайды. «eGov mobile» қосымшасында және «Электрондық үкімет» порталында қолжетімді.

3. 1414 нөмірінен келген SMS кодын ешкімге бермеңіз.

4. Хабарлама көздерін тексеріңіз. Ақпарат сенімді көзден алынғанына көз жеткізіңіз.

5. Бейтаныс қоңыраулардан сақ болыңыз. Белгісіз нөмірлердің қоңырауларына сенбеңіз.

6. Қосымша қорғаныс үшін көп факторлы аутентификацияны қосыңыз.

7. Күдікті сілтемелерден сақ болыңыз. Тексерілмеген көздерге өтпеңіз.

8. Алаяқтық туралы хабарлаңыз. Алаяқтыққа күдік туындаған жағдайда құқық қорғау органдарына хабарласыңыз.

9. Қашықтан қол жеткізу бағдарламаларын орнатпаңыз.

Цифрлық сауаттылық материалдарын тегін ұсынатын CITIZENSEC.KZ, FINGRAMOTA.KZ және NOMADGUARD.KZ сияқты платформаларда кибергигиена бойынша қосымша ақпарат қарастырылған.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Шымкент қаласы Полиция департаментінің тапсырысымен «Mega Planet» сауда орталығындағы «Kinopark» кинотеатрында ерекше әлеуметтік-танымдық жоба іске қосылды. Кино көрермендерінің назарына есірткімен байланысты қылмыстар үшін жауапкершілікті ескертуге арналған бейнеролик ұсынылған. Алдағы уақытта ролик басқа қоғамдық орталарда жүйелі түрде көрсетіледі.

ӘЛЕУМЕТТІК-ТАНЫМДЫҚ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Ұзақтығы бір минут болатын анимациялық бейнероликте есірткі құқық бұзушылығының түрлері, оларды жасағаны үшін заңда көзделген жауапкершілік, сондай-ақ есірткінің адам өмірі мен қоғамға тигізетін зияны мен салдары жан-жақты баяндалған. Қарапайым тілмен, заманауи визуалды тәсілмен жеткізілген бұл бейнеролик көрерменге әсерлі әрі ой саларлық мазмұнда әзірленіпті.

Жоба қала әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылып, ең алдымен жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және есірткі қылмыстарының алдын алуға бағытталғанын атап өткен жөн. Бастама ұйымдастырушыларының айтуынша, бұл тәжірибе өз тиімділігін көрсетіп, алдағы уақытта Шымкент қаласының басқа да кинотеатрларында көрсетіледі.

– Қоғамның құқықтық сауаттылығын арттыру әрі жауапкершілік сезімін нығайту мақсатында полиция осындай жаңаша әдісті қолға алды. Бұл – жай ғана бейнеролик емес, қоғамды заң мен тәртіпке бейімдеудің, құқық бұзушылыққа «нөлдік тәзімділік» қағидатын орнықтырудың айқын көрінісі, – дейді Шымкент қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Шымкент қаласында соңғы жылдары «Қауіпсіз қоғам» ұлттық жобасы аясында кешенді шаралар жүйелі түрде атқарылып келеді. Құқық қорғау және арнайы органдардың қызметі бірінші кезекте ашықтыққа, әділеттілік пен азаматтардың сенімін арттыруға бағытталған.

Қалалық полиция департаменті «Заң және тәртіп» қағидатын нақты әрекеттермен де жүзеге асырып келеді. Мәселен, көпшілік жиі жиналатын қоғамдық орындарда профилактикалық акциялар, түсіндіру кездесулері, бейнероликтер мен ақпараттық материалдар жүйелі түрде таратылады. Бұл – тек құқық бұзушылықтың алдын алу емес, қоғамда жеке жауапкершілік пен заңға құрмет сезімін қалыптастырудың пәрменді құралы екені сөзсіз.

Сонымен қатар, алкогольге тәуелділік пен темекі шегуге қарсы қоғамдық сана қалыптастыру бағытында да мазмұнды

іс-шаралар жүзеге асуда. Әлеуметтік роликтер, жастармен кездесулер, мектептер мен колледждерде ұйымдастырылатын «Құқық сағаты» дәрістері құқықтық мәдениеттің өрісін кеңейтуде.

Цифрландыру мен инновациялар – жаңа серпін

Бүгінгі таңда құқықтық саясат пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде цифрлық технологиялардың да рөлі айрықша. Шымкент қаласы бұл бағытта еліміздегі озық көшбасшылар қатарында. Мегаполисте құқық қорғау саласында «Цифрландыру және инновацияларды енгізу» бағыты белсенді дамып келеді. Қалада «Smart Shymkent» платформасы негізінде IT технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін қолдану арқылы қоғамдық тәртіпті бақылау, жедел әрекет ету және профилактикалық талдау жүйелері енгізіле бастаған. Мәселен, «Қауіпсіз қала» жобасы аясында орнатылған бейнебақылау камералары мен интеллектуалды талдау жүйелері құқық бұзушылықтарды дереу анықтап, полицияның жедел әрекет ету мүмкіндігін арттырды. Бұл – инновациялық инфрақұрылымның нақты нәтижесі болса керек. Сонымен қатар, ақпараттық сүйемелдеу мен түсіндіру жұмыстарының арқасында тұрғындар арасында құқықтық сауаттылық пен цифрлық мәдениет қатар дамып келеді.

Бүгінде Шымкент қаласы тек экономикалық емес, қоғамдық және құқықтық тұрғыдан жаңғырып келе жатқан ірі орталық. Қаланың құқықтық мәдениетін арттыру, әділеттілік пен заң үстемдігін орнықтыру бағытында атқарылып жатқан әрбір шара – «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасының нақты көрінісі. Кинотеатрда көрсетілген бейнеролик – осы үлкен жүйенің бір бөлшегі. Ол қоғамның әр мүшесіне: «Заң бәрінен биік, ал әділеттілік – әркімнің таңдауы» деген ойды жеткізеді.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

БРИФИНГ

Кентау қалалық әкімшілігінде жол қауіпсіздігі мәселелерінің алдын алу шарасы бойынша брифинг өтті.

Кентау ҚПБ-нің бастығы полиция полковнигі Еркеғали Мейрбековтің сөзінше, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауында жол жүру мәдениетін сақтауға үндеген.

Республика көлемінде осыған орай жыл сайын «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс-шарасы өтеді. Аталған іс-шараның мақсаты жолда жүру ережелерін сақтау, жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытындағы жұмыстарды зерделеу.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Кентау қаласының аумағында биыл 21 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, соның салдарынан 11 адам көз жұмды, 30 тұрғын әртүрлі деңгейде жарақат алған. Өткен жылдың сегіз айымен салыстырғанда жол көлік оқиғаларының саны 3 оқиғаға төмендеген, материалдық шығын келтірген жол көлік оқиғалары – 78. Жол көлік оқиғасына тікелей әсер ететін автокөлік жүргізушілеріне ағымдағы жылдың өткен мерзімінде 4754 әкімшілік хаттама рәсімделсе, 2024 жылы осы кезеңде 4204 хаттама толтырылған. Ал өткен жылы жаяу жүргіншілердің ереже бұзу дерегі бойынша 488 тұрғынға хаттама толтырылса, 2025 жылдың осы кезеңінде 501 адам жолда белгіленбеген жерден өткен.

Полиция полковнигі, авто көлік

жүргізушілері мен жаяу жүргіншілердің жол ережесін сақтамауының салдары қайғылы оқиғаға алып келетінін атап өтті. Сонымен қатар қалалық полиция бөлімінің бастығы өліммен аяқталған жол апаттарының негізгі себептеріне тоқталды. Атап өтер болсақ, жылдамдықты шектен тыс асыру, қарсы бағытқа шығу, жаяу жүргіншілер өткелінде жол ережесін сақтамау, жол қозғалысына қатысушыларға құрметсіздік көрсету, сондай-ақ көлік санының артуы. Сонымен қатар қараусыз малдың қатысуымен де жол апаттары орын алатыны белгілі.

– Жаяу жүргіншілерге жолдан өтерде алдымен барлық көліктің тоқтағанын, өзіңізді өткізуге дайын екеніне көз жеткізіп, тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы өтуге кеңес

береміз. Заңды сақтай отырып, полиция қызметкерлері азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолдан келгенін жасайды, – деді Кентау қалалық ПБ-ның бастығы полиция полковнигі Еркеғали Мейрбеков.

Қала көлеміндегі автожолдарда қалыптасқан жедел жағдайды жақсарту, жүргізушілер арасында көлік тәртібін арттыру және тікелей жылдамдықты асырумен ұштасқан жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында, бүгінгі таңда тиісті жауапкершілігін қарайтын автоматтандырылған бейнебақылау камералары және қала көлеміндегі автомобиль жолдарына, соның ішінде автокөлікпен жасалынатын құқық бұзушылықтардың жолын кесуге бағытталған 78 дана бейнебақылау камералары және бүгін-

гі таңға дейін, қала аумағындағы 5 дана «Мерген» камерасы және 2 дана «Сергек» камерасы жұмыс жасап тұр.

Түркістан облысы ПД-ның тарапынан 5 дана автоматтандырылған бейнебақылау камералары қала көлеміндегі апатты қауіпті аймақтарға орнатылады.

Брифинг соңында Еркеғали Избасарұлы жүргізушілерге жол ережесін, әсіресе жылдамдықты және қашықтықты сақтау, жол белгілеріне мұқият болу қажеттігін ескертті. Ол балалар мекемелерінің маңында, жаяу жүргіншілер өткелдері мен қоғамдық көлік аялдамалары жанында жүргізушілерді аса сақ болуға шақырды.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯДАҒЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ РӨЛІ АЙРЫҚША

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан еліміздегі цифрлық трансформация үдерісіне қатысты мәселелер бүгінде жоғары заң шығарушылық органдарында қызу талқының өзегіне айнауда. Осындай бір сындарлы диалог жуырда өткен Қазақстанның орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның ХІ отырысында өрбіді.

Алқалы жиында цифрлық трансформацияның балабақшадан бастап Парламентке дейінгі өзекті мәселелері талқыланды. Түйгеніміз жалпы 17 тұрақты даму мақсатының (ТДМ) әрқайсысының теңсіздікті жою және сапалы білім беруді қамтамасыз етуден ашық және тиімді институттарды құруға дейін нақты цифрлық өлшемі бар. Қазақстанда бұл тұрғыда қазірдің өзінде берік негіз құрылды. Олар электрондық мемлекеттік қызметтердің жоғары енуі, GovTech, Smart Data Ukimet және eGov Mobile. Ендігі келесі кезең – ТМД мен технологиялық егемендікке қол жеткізуге бағытталған мәнді цифрландыру.

Парламент «Жасанды интеллект туралы» заң жобасын қабылдады. Бұл Орталық Азиядағы жасанды интеллектті пайдаланудың этикалық және құқықтық негіздерін құруға бағытталған алғашқы заңдардың бірі. Құжат негізінен инвестиция мен отандық IT-шешімдердің дамуын

ынталандырады. Ал, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген Цифрлық кодекс жобасы Қазақстанды цифрлық трансформацияға қатысты осындай кең және ашық тәсілді қабылдаған әлемдегі алғашқы елдердің бірі етпек.

Мемлекет басшысы «Digital Bridge» форумында цифрлық трансформацияның басындықтары ретінде оның адамға бағытталып, халыққа қызмет ету, қызметтерге қолжетімділікті жеңілдету және институттардың тиімділігін арттыру керектігін атап өтті. Өйткені, цифрлық теңсіздік – білім сапасы мен әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуге тікелей әсер ететін ең нәзік мәселелердің бірі. Қала мен ауыл арасындағы алшақтық әлі де ауқымды. Көптеген ауылдық мектептер мен мекемелерде интернетке, заманауи жабдықтарға және білімге тұрақты қолжетімділік жоқ. Бұл мәселе шұғыл шешуді қажет ететіні сөзсіз.

Жиында баяндама жасаған сенатор Евгений Болыгертің айтуынша, әрбір азаматтың мүддесі үшін SDG 4 және 10-ға шынайы қол жеткізу үшін қаржылық және құқықтық сауаттылықпен қатар бастауыш сыныптардан бастап мектеп бағдарламасына «Цифрлық сауаттылық» пәнін енгізу, өскелең ұрпақты цифрлық ортада заңдар мен нормативтік актілері бар цифрлық өмірге дайындау және цифрлық гигиенаны сіңіру қажет. Сондай-ақ қарт адамдар мен мүгедектер үшін цифрлық инклю-

Цифрландыру бойынша тиісті білімі мен құзыреттілігі бар мұғалімдерді даярлау қажеттілігі қазірдің өзінде өзекті мәселеге айналып отыр. Жоғары оқу орындарымен, техникалық және кәсіптік білім беру секторымен әлі де көп жұмыс істеу керек. Көптеген мемлекеттік ақпараттық жүйелерді үнемі жаңаларымен алмастырудың орнына қолайлы деңгейге жеткізу қажет.

зия бағдарламаларын жүзеге асырған жөн. Цифрландыру бойынша тиісті білімі мен құзыреттілігі бар мұғалімдерді даярлау қажеттілігі қазірдің өзінде өзекті мәселеге айналып отыр. Жоғары оқу орындарымен, техникалық және кәсіптік білім беру секторымен әлі де көп жұмыс істеу керек. Көптеген мемлекеттік ақпараттық жүйелерді үнемі жаңаларымен алмастырудың орнына қолайлы деңгейге жеткізу қажет. Осы тұрғыда «Индустрия» ұлттық ақпараттық жүйесін дамыту ісін өндірістік процестерді цифрландырудың, болжамды талдауға, энергия тиімділігін арттыруға және шығындарды азайтуға арналған ЖИ енгізудің өзегі ретінде атап өткен жөн.

Мемлекеттік сатып алуды цифрландыру одан әрі жетілдіруді талап етеді. Сот төрелігі мен тиімді институттарды цифрландыру жалғасын табуы керек. Цифрлық сот төрелігі – соңғы жылдардағы ең нақты жетістіктердің бірі. Онлайн тыңдаулар, құжаттарды электронды түрде беру, ашық шешімдер тізілімдері

және сот тәжірибесін ЖИ көмегімен іздеу соттарды қолжетімді және ашық етеді. Бұл бизнес-транзакция шығындарын азайтады, халықтың сот жүйесіне сенімін арттырады және SDG 16 – Бейбітшілік, әділдік және күшті институттарға қол жеткізуге тікелей ықпал етеді. Сонымен қа-



ды рөл атқарады. Цифрлық әсерді бағалау тәсілін енгізу әрбір цифрлық бастаманың тұрақты даму мақсатына қол жеткізуге қалай әсер ететінін бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Парламенті цифрлық қатысу алаңына айналып, ЖИ құралдарын заң шығару процесіне белсенді түрде енгізуде. Парламент қызметі туралы ашық деректерді дамыту, онлайн тыңдаулар, азаматтармен және сарапшылар қауымдастығымен цифрлық өзара әрекеттесу сенімді нығайтады және ашық үкімет принциптерін жүзеге асырады.

Тұтастай алғанда Қазақстанның цифрлық трансформациясы өз алдына мақсат емес, әділетті қоғам мен мемлекет құру құралы. Біздің басымдықтарымыз анық: цифрлық теңсіздікті жою, өндірістік және білім беру инфрақұрылымын дамыту, цифрлық әділеттілікті нығайту және технологиялық егемендікті қамтамасыз ету. Парламент өз тарапынан заңнамалық қолдауға және жоғары сапалы парламенттік бақылауға кепілдік береді.

А. ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

ЖАҢА КОДЕКСТІ ТОЛЫҚҚАНДЫ ҚҰЖАТ ДЕП ТАҢУҒА ӘЛІ ЕРТЕ

Цифрландырудың тиімділігін объективті өлшеуге мүмкіндік беретін ұлттық стандарты әзірленуі керек. Бұл жөнінде Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның кезекті отырысында «Astana Open Dialogue» ұйымының тең құрылтайшысы, Қоғамдық палата мүшесі Александр Данилов мәлімдеді.



Данилов мырзаның айтуынша, бұл құжат қазіргі уақытта шектеулі сипатта, сондықтан оны одан әрі дамыту қажет. Сонымен қатар кодексте жеке және биометриялық деректерді қорғаудың нақты тетіктерін құру, оның ішінде азаматтардың ақпараттандырылған келісімге құқықтарын және олардың қажет жағдайда деректерін жою мүмкіндігін қамтамасыз ету өте маңызды.

Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата ел өміріндегі осы секілді көкейтесті пікірлер айтылатын сындарлы диалог алаңына айналды. Сөйтіп бұл ұйым бүгінде билік пен қоғамның арасындағы алтын көпір рөлін атқаруда. Мұны Қоғамдық палатаның осы отырысынан аңғардық. Онда ел дамуында айрықша басымдық беріліп отырған цифрландыру ісінің құқықтық негізі жасалатын Цифрлық кодекс жобасы және банктер мен банк қызметі туралы заң жобасы талқыланған болатын. Ұйым мүшелерімен қатар Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдардың, Ұлттық банктің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері

қатысқан отырысқа Мәжіліс депутаты Айдос Сарым төрағалық етті. Сарым мырзаның айтуынша, Мемлекет басшысы сапалы жасалуын айрықша тапсырған аталмыш құжаттар бойынша Мәжілістің жұмыс топтары белсенді жұмыс істеп жатыр.

Цифрлық кодекс жобасына депутаттар бастамашы болыпты. Жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляеваның айтуынша, бұл құжатты қабылдау цифрлық трансформацияның жылдам қарқынымен және цифрлық егемендікті, киберқауіпсіздікті және цифрлық құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады. «Бүгінгі таңда цифрлық ортада жаңа азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеу үшін кешенді құқықтық негіз құру қажет. Ұлттық нормаларды цифрлық реттеу мен цифрлық құқық саласындағы халықаралық тәсілдермен сәйкестендіру де маңызды аспект», – деді Смышляева ханым осы орайда. Сонымен қатар, ол Қазақстан Цифрлық кодексті әзірлеуде эволюциялық тәсілдің таңдалғанына назар аудартты. Бұл ретте барлық саланы бірден қамтудың ор-

нына, нормативтік құқықтық актілерді кезең-кезеңімен енгізу қарастырылды. Алдымен жалпы бөлім мен негізгі бөлімдер әзірленеді, содан кейін құжат дайын болған кезде салалық модульдермен толықтырылады. Бұл тәсіл Цифрлық кодекске әр сала бойынша нормативтік актілер мен бөлімдерді жүйелі түрде енгізуге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Ростислав Коняшкиннің айтуынша, бұл әдіс алдағы уақытта ЖИ агенттері, биометриялық сәйкестендіру және заттардың интернеті сияқты әлі талқыланбаған жаңа нысандарды біртіндеп қамтуға мүмкіндік береді. Жалпы Цифрлық кодекс цифрлық деректермен байланысты сандық нысандардың төрт түрін анықтайды. Олар жазбалар, ресурстар, платформалар мен жүйелер және инфрақұрылым. Бұл тізім де болашақта кеңейтілуі мүмкін. Цифрлық мемлекетті қоғамдық басқару жүйесі ретінде қарастыру ұсынылды. Салалар мен ұйымдарды цифрлық даму деңгейіне қарай бағалау құралы ретінде «цифрлық жетілу» ұғымы енгізілді. Құжатта цифрлық ортаны кешенді реттеуге бағытталған басқа да бірқатар ережелер бар.

М.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық университетінің қауымдастырылған профессоры Мүсілім Хасенов цифрлық қатынастарды заңнамалық реттеу идеясын қолдайтынын айтып, жоба авторларының стратегиялық көзқарасының ауқымдылығын атап өтті. Бұл ретте ол бірқатар құқықтық кемшіліктерге де тоқталды. Оның айтуынша, ұсынылып отырған құжатты толыққанды кодекс деп санауға болмайды. Өйткені онда әлі цифрлық ортадағы қатынастардың нормалары жеткілікті жүйелендірілмеген және кейбір ұғымдар цифрлық ортадағы қатынастарды ашпайды. Сонымен қатар, Мүсілім Хасенов құжат өлшемдерін «қайта жазуға» қалдырмай, қабылдау кезінде толыққанды аяқтау керектігін баса айтты.

Отырыста саясаттанушы Данияр Әшімбаев, «НАҚ» қайырымдылық қорының атқарушы директоры және қоғам қайраткері Тоғжан Қожалы, Қазақстандағы Парламентаризмді дамыту қорының президенті Зәуреш Батталова және басқалар Цифрлық кодекс жобасын жетілдіру бойынша өз ұсыныстары мен пікірлерімен бөлісті.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заң жобасын талқылауға бастамашы болған Айдос Сарым оның ерекше маңыздылығы мен жүйелік сипатын атап өтті. Депутаттың айтуынша, қолданыстағы заңға сан рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілгенімен, қаржы секторының даму динамикасы бұл құжатқа қосымша түзетулер енгізуді қажет етіп отыр. Заң жоба-

сының негізгі ережелерімен таныстырған ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Олжас Қизатов құжатта инновацияларды және финан секторын дамытуды қолдау, мінез-құлықты қадағалауды енгізу, тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту және банктік реттеуді жетілдіру шаралары қамтылғанын мәлімдеді. Жалпы өзгерістер мен толықтырулар үш бағытты қамтиды. Олар цифрлық теңгені енгізу, цифрлық қаржы активтерінің инфрақұрылымын дамыту және төлем институттарына қойылатын талаптарды күшейту.

Заң жобасы бойынша құрылған жұмыс тобының жетекшісі Татьяна Савельева бұл құжат қазірдің өзінде қарыз алушылардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, микроқаржы және коллекторлық агенттіктерді реттеуді жаңартқан қаржылық заңнаманы реформалауды қисынды түрде жалғастыратынын атап өтті. Депутаттың айтуынша, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және алаяқтықпен күрес мәселелері өзектілігін жоймайды. «Жұмыс тобының 10 отырысы барысында нарықтың барлық негізгі қатысушылары тыңдалды. Жүйелік маңызды банктердің критерийлеріне, оларды реттеуге, төлем қабілетсіздігі мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сондай-ақ банк нарығының икемді құрылымын құру, оның ішінде мамандандырылған салалық банктерді құруға тыйым салуды алып тастау туралы ұсыныстар да қаралды», – деді ол.

Экономист, DESHT ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, Қоғамдық палата мүшесі Қуаныш Жайықовтың айтуынша, бұл заң жобасы қаржы секторындағы реформаларды егжей-тегжейлі сипаттап, экономикаға әсер ететін негізгі тәуекелдерді қарастырады. Құжат кәсіби сараптаманы ескере отырып, жан-жақты әзірленген және банк жүйесінің ашықтығы мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған. Талқылау барысында Азаматтық палатаның басқа мүшелері атап айтқанда, «Заң мен тәрбие» серіктестігінің басшысы Дидар Смағұлов, консалтингтік компанияның талдаушысы және директоры Наталья Маларчук, саясаттанушы және Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тәуелсіз директоры Айбек Күмісбеков банк заңнамасына қатысты өз ойларын ортаға салды. Отырысты қорытындылай келе, Айдос Сарым түскен ұсыныстар мен сараптамалық қорытындылар Қоғамдық палатаның қорытынды ұсынымдарында зерделеніп, заң жобалары бойынша одан әрі жұмыс істеу үшін жұмыс топтарына жіберілетінін атап өтті.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Тәуеліздікті жақындатқан, елдің егемендік алуына алғышарт болған оқиғалар аз емес. Осындай қадау-қадау тарихи белестердің басында 1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Егемендік туралы» Декларацияның тұрғаны анық. Бұл құжат Қазақстан халқына егемен деген сөздің маңызын ұқтырып, мәртебесін сезіндіруге сеп болды. Декларацияда жылдар бойы тәуелсіз ел болсақ, өз алдымызға мемлекет құрсақ деген бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманы көрініс тапқан. Құжаттың құндылығы да осында.



Қазақстандық соттың жұмысын жүйелеп, судьялар мәртебесін көтеруге, құқықтық мемлекеттің басты қағидаларын бекітіп, отандық заңнамалардың базасын қалыптастыруға Декларацияның қозғау салғаны ақиқат. Міне, сондықтан да 25 қазан Республика күнінің еліміздің тарихында алтын әріптермен жазылуы заңды. Биыл Декларацияның салтанат құрғанына 35 жыл толып отыр.

Республика күні тәуелсіздіктің алғашқы кезінде ұлттық мереке ретінде бекітіліп, күнтізбеден орын алған еді. Кейіннен мерекелер тізімінен алынғанымен, 2022 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен елдегі жалғыз ұлттық мейрам ретінде бекітілді. Шындығында Декларация қабылданған күннің тарих тасасында қалуы қате екені талассыз. Бүгінде бұл мереке тәуелсіз елдің тарихын түгендеуге,

Қазақстанның дамуына үлес қосқан қайраткерлердің еңбегін дәріптеуге, қоғамның өткені мен бүгінін таразылауға мүмкіндік беретін айтулы мерекеге айналды.

Сондықтан, республика күні қарсаңында тәуелсіздік түлеткен, егемендік есейткен құрылымдардың бірі – сот саласының ізденісі мен іркілісіне, жетістігі мен кемшілігіне сараптама жасап, ой қорыту артықтық етпейді. Декларация қабылданған кездегі сот құрылымы мен қазіргі сот саласын салыстыру мүмкін емес. Тәуелсіздіктің елең-алаңындағы сотта судьялар бір бөлмеде бірнешеуі қатар отырып жұмыс істеп, аз ғана сот мәжіліс залдарында кезектесіп процесс жүргізетін. Ол кездегі қағаз бен қаламның тапшылығы, жазу машинкасындағы лентаның қат болғаны туралы ардагер судьялардың айтқан әңгімелері жадымызда.

Ал бүгінгі сот – жаңғырған, жаңарған сот. Қазір облыстық, аудандық соттардың барлығы еңселі, қауіпсіз, кең де заманауи ғимараттарда сот төрелігін атқарады. Сот мәжіліс залдары елімізде 100 пайыз дыбыс-бейнежазу құрылғыларымен жабдықталған. Соның арқасында сот отырыстары Жоғарғы Соттағы Ахуалдық орталығында тіркеліп, жазбаларды кез келген уақытта сұратып, қайта қарауға, қажетті тұсын көшіріп алуға жағдай жасалған. Сот процестерінің таспалануы хатшылар жұмысын да жеңілдетті. Енді бұрынғыдай сот процесіндегі қатысушылар сөзін қағазға түсіріп отырудың қажеті жоқ. Сот хатшыларына тек істің мән-жайын қысқаша сипаттап жазып, процесс жазылған дискімен бірге архивке өткізсе жеткілікті.


Алқабилер институтының енгізілуі, «Медиация туралы» заңның қабылдануы сот жұмысына айтарлықтай серпін берді. Алқабилер – қарапайым халықтың сот төрелігіне қатысып, судья жұмысының қиындығы мен жауаптылығын сезінуіне мүмкіндік берсе, медиация – даулардың бейбіт шешілуіне, азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеуге, судьялар жүктемесін жеңілдетуге, білікті медиаторлар шоғырын қалыптастыруға көмектесті. Жаңа технологияны жетік меңгеріп, электрондық қызметті еркін қолдануға төселген сот құрылымы жасанды интеллект жетістіктерін игеруде де көш басында келеді. Сондықтан сот дамуының басында тұрған Республика күнінің біз үшін мәні бөлек, маңызы айрықша.

А.ТАКЕНОВА,
Алматы қаласы
Жетісу аудандық
сотының судьясы

КИЕ

Ұлтты өзгелерден даралайтын – тілі, діні, салт-санасы, ұлттық дәстүрі. Әлемде қанша ұлт болса, сонша тіл бар. Бірақ, өз ұлты күнделікті қолданбаған соң өлі тілдер қатарына қосылып жатқан тілдер баршылық. Барын бағаламаған елдер тілін ұмыту арқылы ұлттық құндылығынан ажырайтынын түсінбейді. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының «тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп шырылдауының да мәні осында.

БАРЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙЫҚ!



Тілге деген жанашырлық құжат бетінде, сөз жүзінде қалмауы керек. Мысалы еліміздің Ата Заңында, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңында қазақ тілінің мемлекеттік тіл екені бекітілген. Сот саласында да басты басымдық мемлекеттік тілге берілген. Сәйкесінше Азаматтық-процестік, Қылмыстық процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерде сот ісі алдымен қазақ тілінде жүргізілетіні, қажет болған жағдайда ғана басқа тілдердің қолданылатыны көрсетілген. Алайда заңда осылай айқындалып тұрса да сотқа мемлекеттік тілде арыз жазатындар аз. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, сот, құқық қорғау құрылымдары мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде құжат әзірлеуге әуес. Олар қазақша заң терминдерінің күрделі екенін, арыз жазу, жауап беру қиындық тудыратынын алға тартады.

Екіншіден, заңгерлер мен құзырлы орган өкілдері заңдардың әуелі орыс тілінде дайындалып, кейіннен қазақ тіліне аударылуы жұмысқа теріс әсер етеді деген пікірде. Расында заңдардың қазақша, орысша нұсқасында бірізділік жоқ, терминдерді қолдануда да ала-құлалық анық аңғарылады.

Үшіншіден, күштік құрылымдар, мемлекеттік органдар, кәсіп иелері, банк, қаржы

ұйымдары да құжаттары мен шағымын орыс тілінде ұсынуға басымдық береді. Олардың да мемлекеттік тілде құжат әзірлеу қиын деген уәжі қисынсыз.

Төртіншіден, заңгерлер мен адвокаттардың басым көпшілігі қорғауындағы азаматтар мүддесін өзіне ыңғайлы тілде қорғауды жөн көреді. Осылайша құқықтық сауаты төмен азаматтар орыстілді адвокаттардың ықпалында кетеді.

Ал қалыптасқан жағдайды өзгертуге соттың құзыреті жоқ. Себебі жоғарыдағы іс жүргізу кодекстерінің бәрінде талап арыз бен материалдар сотқа қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады деп көрсетілген. Соттар мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейту үшін құзырлы орган өкілдерінің басын қосып, түсіндіру жұмысын тұрақты жүргізіп келеді. Ондағы мақсат – мемлекеттік тілге деген жанашырлықты арттыру, азаматтардың санасына қозғау салу. Сонымен бірге, қазақ тілінің мәртебесін көтеру ісіне барша қоғамды жұмылдыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жарияланып, мәселенің мәні жан-жақты түсіндіріліп келеді. Әрбір лауазымды адам қазақша сөйлемесе, құжатты орысша толтырса қазақ тілі аударма тілдің деңгейінде қалатыны ақиқат. Біз осы жағдайды өзгертуге, соттағы мемлекеттік тілде қаралатын істердің санын арттыруға күш салуға тиіспіз. Өйткені, қазақ тілі тек қазаққа керек. Мемлекеттік мәртебесі заңмен бекітілген тіліміздің өлі тілдер қатарына қосылмауы бәрімізге байланысты. Ендеше, барымызды бағалайық!

М.МАМУТОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі сотының
судьясы

ҰСЫНЫС

СУДЬЯ КӨМЕКШІСІН ЕНГІЗЕТІН УАҚЫТ КЕЛДІ

Сот саласын үнемі жаңғыртып, замана талабына сай жетілдіріп отыру кезек күттірмейді. Өйткені, сот – мемлекет қауіпсіздігінің, азаматтардың әділдікке деген сенімінің кепілі. Сот беделінің мемлекет беделімен теңестірілетіні сондықтан.

Осы ретте ардагер судьялар да, әріптестеріміз де судья көмекшісі институтын жандандыру мәселесін біраздан бері талқыға шығарып келеді. Расында бүгінгідей сот жүктемесі күн санап өсіп, судьялар жұмысы қауырт көбейген тұста судья көмекшісі лауазымының тәжірибеге енгізілуі бірқатар мәселені реттеуге көмектесері кәміл еді. Әсіресе қылмыстық істер бойынша сот көмекшілерінің пайдасы мол болмақ. Бұл ең алдымен судьялардың құжат рәсімдеудегі көптеген жұмыстарын көмекшілер мойнына артып, өз зейінін нақты қылмыстық істі сапалы, жедел, әділ қарауына жол ашатыны анық.

Сондай-ақ Қылмыстық-процестік кодекске сәйкес, судья сотқа түскен істердің материалдарын зерделеп болған оң оларды жариялауы міндет. Ал қылмыстық істерде жинақталатын құжаттардың көп болатыны түсінікті. Осындай істердің материалдарын жариялап отыру судьяның да аз уақытын алмайды. Сондықтан барлық материалдарды емес, тек дау туғызатын материалдарды ғана жариялаған сотқа да, тараптарға да тиімді болмақ.

Сот саласына артылар жауаптылықтың артып, жүктеменің көбейгені бірқатар мәселе тудырып отырғаны рас. Айталық судьялар таңның атысынан кештің батысына дейін сот мәжілістерін жүргізсе, шығарып, жариялаған сот актілерінің уәждеу бөліктерін жұмыстан тыс уақытында жазып отырады. Ал сот актілерін «Төрелік» электронды базасына кешіктіріп салған жағдайда, азаматтар бірден шағымданады. Осындай жағымсыз салдар орын алмауы үшін судья-



лар сот актілерін жұмыстан кейін қалып немесе демалыс күндері жазуға мәжбүр. Мұндай мәселелердің салдары ауыр. Біріншіден, бұл істердің сапалы қаралуына теріс әсер етеді. Екіншіден, істердің жедел, дер кезінде таразылануына теріс ықпа етеді. Үшіншіден, жұмыс қиындаған сайын сот саласында кадр тұрақсыздығы орын алуда. Осы мәселелерді оңтайлы шешудің басты тетігі – судья көмекшілері институтын қолданумен өзектес.

Судьяның көмекшісі сот процесіне дайындық жұмыстарын пысықтап, қажетті сот практикасын зерделеген, ұқсас істерді тауып, саралаған, сот құжаттарын дайындау сияқты барлық техникалық жұмыстарды атқарған жағдайда, судьяның жұмысы тек сот мәжілістерін жүргізіп, тура төрелік жасауға бағытталады. Бұл өз кезегінде сапалы сот актісін шығарып, сот қателіктерін болдырмаудың алдын алады. Сондай-ақ күнделікті сот жұмысына араласып, тәжірибелі судьяның тәлімін алған көмекші – ертеңгі дайын судья. Сол арқылы сот саласындағы кадр саясатын тиімді, оңтайлы жүргізуге болады. Ендеше, судья көмекшісі лауазымын енгізу мәселесін неғұрлым тез қолға алған абзал.

А.ИХЛАСБАЙҚЫЗЫ,
Жетісу аудандық №2 сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

МЕЖЕ

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАСЫ – БАСТЫ БАҒДАРЫМЫЗ

«Заң мен тәртіп» – баршамыз басты бағдар ететін ортақ қағида. Құқықтық мемлекетті нығайтуда бұл қағиданың маңызы зор. Бұл формула еліміздегі әлеуметтік, саяси және экономикалық тұрақтылықтың негізіне айналып отыр.

Заң мен тәртіпті қоғамның барлық саласына енгізу, азаматтардың құқықтық санасын арттыру үлкен күш-жігерді, ынтымақ пен еңбекті талап етеді. Заң үстемдік құратын зайырлы мемлекет құруда тәртіпті сақтап қоймай, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сонымен қатар әділеттілікті сақтау да басты орында тұруы тиіс. Мұның бәрі біртұтас жүйе ретінде жұмыс істегенде ғана оң нәтижеге қол жеткізуге болады.

Заң мен тәртіп қағидасын жүзеге асыру ісінен ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ұжымы да шет қалмаған. Тапсырма аясында академияның прокурорлық қадағалау кафедрасы жалпы білім беретін орта мектептерде, колледждерде, лагерьлер мен мектеп жанындағы алаңдарда түсіндіру жұмысын жүргізуге арналған алгоритмді және үш әмбебап үлгілік топтама материалдарын әзірледі. Аталған материалдар әлеуметтік желілер мен БАҚ мүмкіндігін пайдалана отырып көмелетке толмағандар арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысын жүргізу үшін облыс прокурорларына жолданды.

Бұдан бөлек, кафедра қызметкерлері буллинг мәселелерін түсіндіру мақсатында екі тілде ақпараттық бейнеролик әзірлеп, Бас прокуратура мен академияның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастырды. Бұл ролик БАҚ-та, оның ішінде Qazaqstan ұлттық арнасы желілерінде таратылғаны да айта кеткен жөн. Сонымен бірге, осы тақырып аясында елорда мектептерінде

көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін дәрістер өткізілді.

Кездесу барысында жасөспірімдерді жиі мазалайтын құқық бұзушылықтарға баса назар аударылды. Соның ішінде буллинг, бұзақылық, есірткі қолдану, ұрлау, тыйым салынған заттарды алып жүру, сақтау және пайдалану, жыныстық қол сұғылмаушылық және т.б. тақырыптар кең көлемде талқылануда.

Академияға түсу тәртібі де тұрақты айтылып, qamqor.gov.kz ақпараттық порталы, оның ішінде геокарталар (қылмыс, көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған адамдардың картасы) көпшілікке таныстырылды. Әрі «Көмелетке толмағандар жасаған және көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстық істер бойынша қадағалауды жүзеге асыру» тақырыбында прокуратура органы қызметкерлеріне арналған біліктілікті арттыру курсы өткізілді. Сондай-ақ көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қатысты қылмыстық істер бойынша қадағалауды жүзеге асыруға әдістемелік нұсқаулықтар әзірленді. Бұл кешенді жұмыстар елде заң мен тәртіпті орнықтырудың кепілі.

Ж. БАЛТАБАЕВА,
ҚР Бас прокуратурасы
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясы прокурорлық қадағалау
кафедрасының меңгерушісі

ПӘРМЕН

Кибералаяқтық қоғам қасіретіне айналды. Азаматтардың құқықтық, қаржылық сауатының кемдігін, сенгіштігін, сандық технологиядан хабарының аздығын пайдаланған интернет алаяқтардың қармағына түскендер баршылық. Жасанды интеллект пен цифрлық жүйені қару еткен алаяқтарға шекара жоқ. Олар республика тұрмақ, бөтен елде отырып азаматтар қаржысын қолды етуде. Ал осы алаяқтарға серіктес болып, ақшасын аударуға, қаржысын қолма-қол шығаруына көмектескен жандар бұған дейін жауаптылықтан сырт қалып келген еді.

Алайда қылмыскерлердің жазасыз қалуы мүмкін емес. Көпшіліктің пікір-ұсынысына, талап-тілегіне назар аударған құзырлы органдар «Кейбір заңнамалық актілерге ҚР қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының қабылдануына бастамашылық жасап, соның негізінде қылмыстық заңнамаға дропперлерге қатысты қылмыстық жаза енгізілді. Бұл заң 16 қыркүйектен бері күшінде. Жаңа қолданысқа енген заңдық өзгеріске сәйкес, алғаш рет «дропперлік», яғни адамдардың «банк карталары мен шоттарын өзгеге заңсыз бергені үшін» қылмыстық жаза бекітілді. Жаңашылдық оңай жолмен табыс табуды көздеген, алаяқтарға заң талаптарын біліп, білмей көмектесіп жүрген азаматтардың жауаптылығын

ДРОППЕРЛЕРДІ ЖАУАПҚА ТАРТАТЫН ЗАҢ КҮШІНДЕ

арттыруды көздеп отыр. Осыған орай жаңа заңның талабы мен тәртібін қарапайым халыққа жеткізу, түсіндіру бағытындағы жұмыстар кешенді түрде жүргізілуі керек.

Айталық азаматтар әлі күнге дейін дроппердің мәнін, оның қызметін түсінбей жатады. Заң тілімен айтқанда дроппер – заңсыз алынған қаражатты қолма-қол ақшаға айналдыру үшін, бөтен шоттарға аудару үшін құжаттары мен шоттарын алаяқтар пайдаланатын адам.

Өкінішке қарай, кейбір азаматтар ақша аударуға жеке құжаттарын берудің, біреудің қаржысын өз шотына түсіріп, оны қолма-қол шығарып берудің заңсыз екенін біле тұра, белгілі бір ақыға келісіп заңнан аттап жатады. Бұл әрекет қылмыстың өркендеуіне, интернет алаяқтың дамуына ықпал ететіні белгілі болса да, бұған дейін қылмыстық жаза қарастырылмаған еді. Соның салдарынан дропперлер сот барысында тек куәгер ретінде жауап беретін. Оның алаяқтарға ақша шығарып берген қызметі үшін ақы алғаны дәлелденсе ғана, алаяқтыққа көмектесуші ретінде жеңіл жаза тағайындалатын. Ал жаңа заңның қабылдануы алаяқтықтың азаяюына, қылмыс арқылы табыс табатындарға тегеурінді тосқауыл қояры анық.

Ал енді Қылмыстық кодекс жаңа 232-1-баппен толығып отыр. Осы бапқа сәйкес, материалдық сыйақы және мүлктік сипаттағы пайда үшін не оларды алу мақсатында үшінші тұлғаға өзінің банктік шотына не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз

ұсынған не оларды үшінші тұлғаға пайдалануға заңсыз бергендердің мүлкі тәркіленіп, 160 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмысына тарту, не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазасы қолданылады. Материалдық сыйақы мөлшеріне қарай жаза қатандатыла түседі. Айталық дропперлікті ірі мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүлктік сипаттағы пайда алу мақсатында жасағандардың мүлкі тәркіленіп, төрт мың АЕК мөлшерінде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмысына тарту, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тарту, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылатынын ескерте кеткен артық емес.

Осы тұста мына бір мәселеге де көңіл аударған абзал. Айталық дропперлік құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған, бұл туралы өз еркімен мәлімдеген, сондай-ақ осы құқық бұзушылықты ашуға немесе оның жолын кесуге белсенді түрде көмектескен адамның әрекеттерінде өзге қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Қалай болғанда да, дроппер болу – алаяқтарға көмектесу, адал азаматтардың ақшасын алдап алуға қол ұшын созу екенін әрбір адам түсінуі керек.

А.ТІЛЕПОВА,
Жетісу аудандық
№2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАР СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ

Жетісу облысының Сарқан қаласындағы №1 мектеп-гимназиясында «Жас құтқарушылар» кадет сыныбы ашылды. Ол биыл ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келді.

Жастардың төтенше жағдайлардың алдын алу мәдениетін күшейтіп, құтқарушылар еңбегіне құрметті арттыратын жоба аясында ашылған бұл өңірдегі алтыншы сынып болып отыр. Оның оқу бағдарламасына азаматтық қорғаныс негіздері, өрт қауіпсіздігі, су мен мұз үстіндегі дұрыс мінез-құлық ережелері, алғашқы медициналық тұрақтылық пен командалық өзара іс-қимыл элементтері кіреді. Тәжірибелік сабақтар, жаттығулар және оқу эвакуациялары Жетісу облысының ТЖД мамандары мен мектеп педагогтарының әдістемелік қолдауымен өткізіледі.

Бұған дейін жас құтқарушылардың кадет сыныптары Талдықорған мен Текелі қалаларында, сондай-ақ Панфилов, Ақсу, Панфилов және Ескелді аудандарында ашылған болатын. Атап айтқанда бесінші сынып Құтқарушылар күні мерекесі қарсаңында 2024 жылдың қазан айында Ескелді ауданындағы Қарабұлақ ауылында ашылған еді. Ал алғашқы «Жас құтқарушылар» кадет сыныбы 2021 жылы Ақсу ауданы Жансүгіров ауылындағы Ж.Сыдықов атындағы орта мектепте ашылған. 7 сыныптың базасында құрылған бұл сыныпта 23 бала болған еді. Одан кейін бұл бастама 2023 жылдың ақпанында Текелі қаласындағы №4 орта мектепте және Панфилов ауданындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте өз жалғасын тапқан.

Бұл бастама өңірдегі төтенше жағдай қызметіне деген халық сеніміне оң әсерін тигізіп отыр. Бұл Ұлттық статистика бюросының жылына екі мәрте жүргізетін құқық қорғау органдарының қызметіне қатысты әлеуметтік зерттеулері кезінде айқын аңғарылды.

Е. КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «SABYR GROUP» ЖШС (БСН 220940031057) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 10 шағын ауданы, 13-үй, 79-пәтер.

3. «КЕМЕЛ-2025» ЖШС (БСН 250140026413) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Ойыл көшесі, 48-үй.

4. «MoneyBox» ЖШС (БСН 170240019219) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Ы.Кабеков көшесі, 16-ғимарат. Тел. +7 771 968 83 33.

7. «PRO PHARM» қосымша жауапкершілік серіктестігі (БСН 250340014106) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 161200, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 313-үй. Тел.: 8 705 895 13 77.

8. «Гүлерке» бөбекжай балабақшасы ЖШС (БСН 230940006880) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Қайнар ауылдық округі, Жалқамыс ауылы, Батыс шағын ауданы , Т.Кунафин көшесі, 19-үй. Тел. +7 747 343 26 42.

11. «Айдар-2021» ЖШС (БСН 210440029392) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аманөткел ауылдық округі, Аманөткел ауылы, Аманөткел көшесі, 35-үй.

12. «Vivat Consulting» ЖШС (БСН 180440031544) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Л. Чайкин көшесі, 18-үй, 11-пәтер.

МҰРАГЕРЛІК

15. «ДАРА» қоғамдық қоры (БСН 220640017596) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 217А үй, 47-пәтер, индекс 016000.

16. «Іле корпорациясы» ЖШС (БСН 040740001238) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 115-үй, 050000, тел.: +7 701 111 2114.

МҰРАГЕРЛІК

13. 2025 жылдың 12 мамырында қайтыс болған Мырзахожаяев Ғалым Мәріпұлына қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы бойынша орналасқан мекенжайдағы жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуыңыз қажет. Ұялы тел. 8 701 474 35 02.

18. 2025 жылдың 29 тамызында қайтыс болған Аймуратов Кайрат Сериковичтің артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзағалиева Роза Тлеккабыловнада мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, тел.: 8(701) 222 7274.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Зан» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ӨРТУРЛІ

5. «Sayahat Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 180940027792, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 5-үй, 2А павильон, 8-қабат, «Нұрлы Тау» бизнес орталығы мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: +7 707 227 24 24.

6. «Саяхат-Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 061140004217, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 37-үй, 36-пәтер. Тел.: +7 707 227 24 24.

9. «Ергіз» ЖШС (БСН 121040017843), «Фэст-Лайн» ЖШС-не (БСН 140240031877) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 4-өндірістік аймақ, 63/5 ғимарат.

10. «Фэст-Лайн» ЖШС ұйымы (БСН 140240031877), «Ергіз» ЖШС (БСН 121040017843) ұйымына қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар Ақтау қаласы, 4-өндірістік аймақ, 63/5 ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 7292 544 643.

17. Қостанай облысының МАЭС-нің 16.10.2025 жылғы ұйғарымы негізінде «Бексеитов Айдарбек Жумағазиевич» шаруа қожалығы (ЖСН 650401301161) бойынша оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. Мекенжайы: Қостанай облысы, Фёдоров ауданы, Первомай ауылдық округі, Первомай ауылы, Дальневосточная көшесі, 13 үй, 1-пәтер. Тел: 8-776-995-07-65.

ЖОҒАЛТУ

14. «East-West.Logistics» ЖШС, БСН 221040047797, шетелдік жүктерді тасымалдауға арналған рұқсат бланкілері Ресей №801658, жоғалуына байланысты 2025 жылдың 21 қазанынан бастап жарамсыз деп танылсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшені. тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kалдыbayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(707)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

(Соңы. Басы өткен сандарда)

– Абылай Әзімханұлы, біз әуелі қаладағы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне соғып, Сергей Орловтың қай түзеу мекемесінде отырғаны жөнінде ақпарат сұратқанбыз. Сөйтсек, Орлов Жамбыл облысының түзеу мекемесіне жіберілген екен. Бірақ ол белгіленген мерзімнің жартысын өтегеннен кейін жазасын жеңілдетуді сұрап сотқа арыз түсірген. Сот үкімімен «Ілмек» тура оқыс оқиға болардан бір апта бұрын бостандыққа шыққан. Қазір Алматы қаласы Әуезов ауданының пробациясында тіркеуде тұр деп көрсетілген.

– Солай де.
– Иә, түрмеде әбден дайындалып, жоспарын пісіріп, бостандыққа шыққан соң кек алған болып тұр ғой.
– Мүмкін, мүмкін... Бірақ, асығыс шешім қабылдамайық.
Осы кезде Абылайдың қалта телефоны шыр ете қалды. Қолғанат екен.
– Иә, Қолғанат...
– Жолдас подполковник, біз қателесіп жүрген сияқтымыз. Біз мүлде басқа бағытта жүрміз.
– Неге олай дейсің? Бірдеңе таба алдың ба?

– Қазір метроға кіріп барам. Шыққан соң хабарласам... – деді де Қолғанаттың дауысы үзіліп кетті.

Үшеуі жас опердің сөзіне ойланып қалды. Неге қате? Мүмкін қылмыстық іске із салар айғақ тапқан шығар? Ортаға жаңа қосылған жас маманның өз қабілетін көрсету үшін жағдайды тым әсірелеп жіберетін кезі де болады. Әлде содан ба екен?

Әзара сөйлесіп, ертеңгі күннің жоспарын пысықтаған соң үш ізкесуші үйлеріне қайтқан. Түн ішінде Абылайды Санжардың шырылдаған дауысы оятты.

– Әбеке, Қолғанат хал үстінде. Жаңа ғана орталық ауруханаға алып кепті. Біреу үшінші қабаттан құлатып жіберген дейді, – деді абыржып.

Біреу төбесінен тастай су құйып жібергендей болған Абылай телефонды ұстаған қалпы қатып қалды. Не істеді бұл? Неге ғана осы баланы өзіне шақырды екен? Көз алдына әуелі «Анама қарауым керек, маған басқа жұмысқа ауысуға болмайды» деп күмілжіген Қолғанат, содан кейін жанарының түбіне мұң жасырған анасы келе қалды. Қап, қап. Біреудің емес, екі адамның обалына қалмаса болғаны...

Жүре киінген ол ауруханаға жеткенше асықты. Арасы 4-5 аялдама болатын жер алыстап кеткендей. Асыққанда әр бағдаршам секундтап емес, сағаттап жанғандай әсер етеді екен. Жаны байыз таппаған Абылай «Ол мықты, ол әлі-ақ шауып кетеді», – деп қайта-қайта күбірлеп келеді.

Аурухана ауласына кіргенде алдынан Санжар күтіп алды.

– Қолғанатты ота жасайтын бөлмеге алып кетті. Бас сүйегіне, омыртқасына зақым келген дейді. Дәрігер нақтысын отадан кейін айтады, – деді ол жол бастап келе жатып.

– Анасына айттыңдар ма?
– Иә, анасы сөйлемейді екен ғой. Мен Қолғанаттың телефонынан звандап сөйлеп жатырмын, сөйлеп жатырмын. Үндемейді. Ы-ыы деген дыбыс шығады, болды. Содан араға 5 минут салып, қайта звандадым. Тағы сол дыбыс. Сосын оқыс хабардан есі шығып қалды ма, әрі түн ішінде ауруханаға келуге көлік іздеп жүрмесін деп үйіне соқтым. Есікті ашып, қолымен ымдап әлдене айтпақ болғанда ғана мылқау екенін түсіндім. Содан телефонға жазып жатып, Қолғанаттың ауруханаға түскенін түсіндірдім-ау... Өңі қуарып, теңселіп кеткенде есімнің шыққаны-ай. Көзіндегі жасты көрсеңіз... моншақтап төгілген... – деді Санжар самбырлап.

Санжар айтпай-ақ ананың қандай

халде болғанын жүрегі сезіп келеді. Қайтсін-ай... Бұл бала мылқау ананың жалғыз үміті еді ғой. Мына жарық дүниедегі көзі, құлағы, сөзі де осы бала емес пе? Енді содан айырылмақ па? Абылай тамағына тығылған өксікті құмыға жұтты.

Екінші қабаттағы ота бөліміне көтерілгенде есіктің алдында тұрған талдырмаш денені бірден байқады. Сол ғой. Ана жүрек... Нәп-нәзік әйел есіктегі жалғыз әйнекке үңіліп жа-

– Аа.
– Таңертең жолдасымды жолға шығарып салғанымда, Көркемнің есіктен шығып бара жатқанын көрдім.
– Қайда кеткенін айтпады ма?
– Жүрек тұсын басып, қосу белгісін көрсеткеніне қарағанда баласы ауруханада деп ұқтым...
– Рақмет!
Мылқаулардың тілін ұғатын адамдар да бар екен-ау. Айтпақшы, аты Көркем деді иә. Осы уақытқа дейін

ҚИЫС ЖОЛ



бысып қалған. Өткендегі жымыс, жылылықтың ізі де жоқ. Біресе есікке, біресе бұларға қарап алақанын жайған ананың шарасыз халі жүрек ауыртады. Абылай жанына барып, құшағына қысқанда барып жаны күйзелген келіншек көз жасына ерік берді. Мұндайда жұбатуға сөз табылар ма? Қылмыстың ортасында жүріп жүрегі қатып кеткен Абылай да бұл жолғы толқыныс сезімінің алдында дәрменсіз еді... Іштей егілген подполковникті тежеп тұрған жанындағы Санжар мен әрі-бері өтіп жатқан дәрігерлер ғана.

Ота деген осыншама ұзақ болар ма? Араға екі жарым сағат салып дәрігер де көрінді-ау. Ентелеп жеткен бұларға дәрігердің айтқаны қысқа болды:

– Балаңыз мықты екен! Өмір сүреді.

Ары қарай не дегенін дұрыстап естіген де жоқ. Әйтеуір Қолғанаттың анасына қарап бас бармағын шошайтып, күле бергені... Бағанадан сұлқ тұрған сұлу ананың да жүзіне жылу кіріп, қабағы ашылды-ау... Өмір, сен неткен кереметсің...

Таңнан ерте тұрған Абылай алдымен дүкенге соғып, Қолғанатқа қажетті заттардың бәрін алды. Жұмысқа дейін анасына баласын көрсетіп келсем деген ойы да бар. Бірақ, қанша қоңырау басып, қанша тақылдатса да есік ашыла қоймады. Кешегі жағдайдан кейін келіншек шаршап ұйықтап қалды ма екен? Аа айтпақшы естімей жатуы да мүмкін ғой... Осы ойлармен Абылай есік көзінде тағы біраз бөгелген.

– Көркемді күтіп тұрсыз ба? – деді қарсы беттегі көршісі есіктен басын қылтитып.

– Иә. Естімей жатқан сияқты.
– Жооқ, олардың үйіндегі қоңырау жарқ-жүрқ етіп бірден белгі береді ғой. Анасы дауысты естімейтін болғандықтан, Қолғанат қоңырауды жарықпен белгі беретіндей етіп жасатқан.

Қолғанаттан анасының атын да сұрамаған екен. Көркем... қандай көркем естіледі, ә.

Аурухананың кең ауласына кіргенде Санжар, Қосай, Ермектің сыртта сөйлесіп тұрғанын байқады. Бұлар да әріптестерінің жағдайын білмей жұмыс бастай алмай тұрған сияқты. Мұны есік аузынан күтіп алған жігіттер:

– Абылай Әзімханұлы, Қолғанат әлі реанимацияда екен. Ішке бізді кіргізбеді. Тек дәрігерге өтініш айтып жатып анасына әрең рұқсат алдық.
– Қалай екен жағдайы?
– Ота жасаған дәрігер бас миы шайқалғанмен, омыртқада сынық жоқ дейді.
– Оған да шүкір.
– Айтпаңыз, кешелі бері уайымдап кеттік қой. Жұмысқа да зауқың болмай қалады екен... – деді Санжар мұнайып.

«Анасын ойлағанда аза бойың қаза болады», «Қолғанатқа бірдеңе болса, анасы қалай күн көреді деп уайымдап кеттік», – десті Ермек пен Қосай да.

– Бұл да бір сынақ. Дегенмен, Қолғанат сөйлеуге жараса, кешегі күдігінің мәнін анықтауымыз керек. Әзірге қос өлімге байланысты қолдағы деректерді бөлімге барып бір пысықтап алайық, – деген Қайсенов ізкесушілерді бөлімге бастады.

Сонымен...
– Кеше сіздің тапсырмаңызбен Әуезов аудандық пробациясының қыметкерлеріне хабарласқан едім. Олардың айтуынша, «Ілмекті» босатуға денсаулығы себеп болған. Бауыр циррозына шалдыққан Орловтың жағдайы өте ауыр. Түзеу мекемесіндегі соңғы айларда да денсаулығы күрт нашарлаған сотталушы қазір күнделікті дәрігер күтіміне мұқтаж боп қалған, – деді Қосай.
– Пробацияда сотталушының денсаулығына байланысты құжаттар жинақталған ба?
– Иә, жаңа ғана Орловқа қатысты

барлық құжаттарды жолдады. Сонда да болса «Ілмектің» жағдайын өз көзіммен көріп келсем деп отырмын.
– Жарайды, онда бірден солай қарай тарт. Ал кешегі Қолғанаттың күдігіне қатысты не айтасыңдар?
– Абылай Әзімханұлы, Қолғанатқа судьяның қызы жұмыс істеген, араласқан ортаны тексеруді тапсырып едіңіз ғой. Меніңше, ол қылмыскерді қыздың айналасынан тапқан сияқты.
– Мүмкін, ол да мүмкін. Қолғанатпен қашан сөйлесуге болар екен? Мен барып дәрігерлерден рұқсат алсам. Ал сендер, жігіттер, Қолға-

ғой. Аман қалғаныңа бәріміз қуанып жатырмыз. Енді тезірек қатарымызға қосыл! – деген подполковник жігітке жадырай қарады.

– Абылай аға...
– Байқа, саған қазір қатты қозғалуға да, абыржуға да болмайды.
«Дұрыс па?» дегенді анасына көз тастап қойды. Мұның ерін қозғалысын қалт жібермей бақылап тұрған келіншек те басын қайта-қайта шұлғи берді.

– Мені өлтірмек болған – Вадим Михайлов. Судья қызының бұрынғы жігіті, – деген Қолғанаттың дауысы дәкенің артынан әзер шықты.

– Сенімдісің бе?
– Құрбыларының айтуынша Оксана жақында жұмысындағы жігітпен жарасып, тұрмысқа шықпақ болған. Ал Вадим осыдан біраз бұрын Оксаның жігітін ұрып кетіпті. Өзі ызақор, кекшіл деген соң телефонына хабарласып едім. Дауысы бір түрлі күдікті көрінді. Сіздерге біз теріс жолда жүріміз-ау дегенім содан, – деген Қолғанат қырылдап барып сөзін аяқтады.

– Жақсы, әрі қарай өзіміз тексерміз...

Баласының қиналып тұрғанын байқады ма, Көркем де қозғалақтап кетті. Байғұс ана-ай. Құлыны үшін жанын шүберекке түйіп тұр ғой, қайтсін...

Жігіттің тез сауығып кетуін тілеген Абылай Көркемді уайымдатпау үшін-ақ тезірек сыртқа шығып кетуге асықты.

Бөлімге жеткенде Санжар мен Қосайдың тосып тұрғанын аңғарды.
– Жолдас подполковник, өткенде балалар әкелген парақшалар мен принтер бойынша жасалған сараптаманың қорытындысы шықты. Принтердегі барлық саусақ ізі өшірілген. Бірақ, қолда бар 4 парақшадағы көптеген саусақ іздерінің ішінде бір бөдер бірнеше рет қайталанған. Және ол базада бар боп шықты. Таңба – Вадим Михайловқа тиесілі, – деді Санжар.

– Түсінікті. Тезірек Михайловты бөлімге әкеліңдер. Қолғанат та өзін биіктен итерген Михайлов деп отыр.
– Әбеке, негізі Қолғанат айтқандай біз әуел бастан қате жолмен жүрген екенбіз. Егер сол кезде қылмысты судья қызметімен байланыстырмай, қызының айналасын бір тексергенімізде бұл жұмбақтың түйінін баяғыда шешер едік.
– Иә... Бұл енді менің де қатем... Осы қатенің кесірінен бір жігітімізден айырылып, бір ананың тағдырын талқан ете жаздадық. Тергеу қателікті кешірмейді деген осы, жігіттер!

...Бүгін Қолғанатты жалпы палатаға ауыстыратын күн. Қолына әдемі гүл шоғын алған Абылай ауруханаға жеткенше асықты. Мұны көре салып Қолғанат орнынан тұруға қармана бастады.

– Қозғалма, жата бер!
– Абылай аға, келгеніңізге рақмет!
– Сенің палатаға ауысқаныңды естіп бәріміз қуанып жатырмыз. Жігіттер де сәлден кейін төбе көрсетіп қалар. Әә... Михайловты сұрағың кеп тұр ғой. Оны сол күні-ақ қолға түсіргенбіз. Заңгер болып жүрген жігіт емес пе? Біраз бұлтақтап көрді. Бірақ парақшадан бөлек, үйден табылған шаштарының ДНК қорытындысын алдына тастағанымызда бәрін жайып салды. Қызғаныш, ыза, намыс деп ақталмақ болады өзі. Сүйген қызын, оның әкесін соншалықты қатігездікпен өлтіруге итермелейтін не қылған махаббат, не деген қызғаныш ол?

Тағы бірдеңе дей бергенде есіктің баяу ашылғанын байқаған Қайсенов табалдырықта тұрған Көркемді көрді. Қорғанының қасына оралғанына қуанған әйелдің әдемілігі Абылай жарты сағат тұрып таңдаған гүлдестен де әдемі еді...

Айзада КЕНЖЕМОЛДАЕВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Батыс Қазақстан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.

Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5960 дана
Апталық таралым 11920 дана

Тапсырыс №159 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31